

**"Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы  
" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 10-1568 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 10-1869 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылы 11 қарашада № 965 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 06-400 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 28.02.2018 № 06-400 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, "Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 290 бұйрығына сәйкес, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 10-1568 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 1 қазанда № 947 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 қазандағы № 111 (3316) "Астана ақшамы", 2015 жылғы 6 қазандағы № 111 (3334) "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереженің 2-бөлімінде:

13-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі аукциондарды өткізу";

14-тармақ мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі аукциондарды өткізу".

2. "Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Якупов Данияр Абайұлына осы қаулыны, әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қала әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.И. Лукинге жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ә. Жақсыбеков